

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі.

ЖАРИЯЛАНДЫ
27.11.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/85788/

Ортаңғы «Көбелек» тобындағы ұйымдастырылған

оқу қызметінің конспектісі. № 29.

Өткізу күні: 11. 11. 2020 ж.

Тәрбиеші: Мухамбетжанова А. Ғ.

Білім беру саласы: «Денсаулық» «Дене шынықтыру»

Өтпелі тақырып: «Қазақстанның жыл құстары»

Мақсаты:

1.Тәрбиелік: Төзімділікке, шапшандыққа, ептілікке тәрбиелеу.

2.Дамытушылық: Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүру және жүгіру.

3.Оқыту: 40 см биіктіктегі доғаның астынан еңбектеу. Тегістақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау.

Ресурстармен қамтамасыз ету: Бетперде, тегіс тақтай, доға, музыка, дисктер, дем алуға арналған құралдар, мадақтауға арналған медаль.

Билингвалдық компонент: Жүру-ходить, жүгіру-бегать, секіру-прыгать, тегіс тақтай –прямая скамейка, балапан – цыпленок.

Сөздік жұмыс: тегіс тақтай, доға, балапан, тауық

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

1.Ұйымдастырушылық кезеңі:

Шаттық шеңбер:

Топ, топ басайық

Жалаудан күн жасайық.

Жаса, жаса Алтын күн!

Жаса, жаса Жарқын күн!

Сәлеметсіз дер ме, апайлар!

2.Негізгі бөлімі: Жалпы дамыту жаттығуларын шеңберде жасау:

Әңгімелесу: Балалар біз бүгін шеңберде тұрып дене қыздыру үшін жалпы дамытушы жаттығуларын жасаймыз, содан соң негізгі жаттығуларды жасауға кірісеміз. Менімен бірге жалпы дамытушы жаттығуларды қайталаңдар балалар. Содан кейін қимылды ойын ойнап достық қарым-қатынасымызды нығайтамыз.

Жалпы жаттығу: /музыкамен бірге/

Бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:

Ең бірінші басымызға, иығымызға жаттығулар жасаймыз,

Енді ары қарай белімізге, тіземізге жаттығулар жасаймыз

-қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.

-қол белде, тізені жоғары көтеріп жүру.

-қол жоғарыда, шапалақтап жүру.

-жеңіл жүгіріспен жүгіру.

-жай жүріске көшу.

-тыныс алу жаттығуын жасау.

Балалар тындандаршы ненің дыбысы?

Дұрыс айтасындар

Тауықтың дауысы.

Қай жерде естіледі ағаштын артында

Сәлеметіздерме.

Мен үйіме жете алмай отырмын.

Жолда көптеген кедергілер бар екен.

Солардан өтуге көмекесіндерші.

Балалар, көмекесеміз бе?

Балалар егер кедергілерден жақсы өтсек мен сендерге сыйлықтар мен құралдар беремін.

Біз дайынбыз ба?

Негізгі жаттығуларды /2- рет қайталап жасаймыз/

1. Балалар кеглилардың арасынан өтеміз,

— қолды кеудеге қойып

— еңбектеп жатып

— 40 сантиметрлік доғаның астынан еңбектеп өтеміз

2. Кедір - бұдыр жолдармен құстар сияқты қанаттарымызды қағып ұшып өтеміз

— тегіс тақтай бойымен теп-теңікті сақтай отырып асықпай өтеміз.

Дем алу жаттығулары:

Алақандағы мақтаны үрлеу.

Мысықша дем алу.

Гүлді иіскеу.

Тамаша, балалар барлық кедергілерден мені өткіздіңдер. Енді үйіме жеттім рахмет.

Мен сендерге ойын ойнауға құралдар мен бетперделер әкелдім. Солармен ойнандар.

Сау болыңдар, балалар.

Қимылды ойын:

«Өз үйінді тап»

Ойынның шарты:

Балапандар ұшып ойнап жүреді, музыка тоқтағанда олар өз үйлерін тауып алады. Үйіне жете алмаған балапан орындыққа отырады.

Балалар енді шеңберге тұрып дем алып алайық.

Дем алу жаттығуы:

«Торғайды ұшыру» /балалар жіпте ілініп тұрған торғайды үрлеп ұшырады/

Қорытынды:

Қандай ойын ойнадық?

Бізге кім келді?

Не үшін жаттығу жасау керек?

-Өте жақсы! Жарайсыңдар!

Балаларға жақсы қатысқандары үшін медальиондар табыстау.

Келген қонақтармен қоштасып алайық.

«Қол ұстасып тұрайық,

Шеңбер біз құрайық.

Бәріміз сау болайық!»

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.